

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округінің Харьков ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 желтоқсанда № 6720 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 16.11.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 7 тармақшасына сәйкес және Әуликөл ауданының "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2016 жылғы 28 қазандағы № 423 ұсынысы негізінде Чернигов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Харьков ауылы аумағында ірі қарамалдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс - ш а р а л а р ы **б е л г і л е н с і н .**

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Әуликөл аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар **ж ү р г і з у ұ с ы ы ы л ы ы н .**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 28 қазаннан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

К. Құсайынова

КЕЛІСІЛДІ

"Әулікөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

_____ С.Ж. Туралин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әулікөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А.Т.Тайшибаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Әулікөл аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е.Г. Дуйсенов